

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу мәселелері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңесте «Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу мәселелері» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жасанды интеллектіні оқу үдерісіне енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Университетте жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы арнайы ереже қабылданып, оны пайдаланудың этикалық нормалары айқындалған. Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасы ашылып, Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасы жұмыс істейді.

2025-2026 оқу жылында «Жасанды интеллект инжинирингі» білім беру бағдарламасы ашылып, алдағы кезеңде «AI дизайн» бағдарламасын енгізу жоспарланған. Бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламаларына «Жасанды интеллект негіздері» пәні енгізіліп, магистратура мен докторантурада да ЖИ-ге қатысты арнайы пәндер оқытылуда.

Университетте ПОҚ пен білім алушыларға арналған қысқы мектептер, семинарлар, шеберлік сыныптары және тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылған. Оқу үдерісінде AI assistant, AI-психолог, ZU Connect, AI Game Studio, Мультимедиа, Augora сияқты университеттің ішкі ЖИ шешімдері қолданылады. Бұл жұмыстар білім беру сапасын арттыруға, цифрлық дағдыларды дамытуға және университеттің инновациялық әлеуетін күшейтуге бағытталған.

«Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу мәселелері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Оқу үдерісінде қолданылатын платформаларды бағыттары бойынша пайдалану жөнінде бірыңғай әдістемелік нұсқаулықтар әзірленсін (**жауапты:** факультет декандары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж.).

2. Оқу үдерісіне жасанды интеллект құралдарын енгізу жұмыстары жетілдірілсін (**жауапты:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы).

3. Профессор-оқытушылар құрамының жасанды интеллект пайдалану бойынша кемінде 18 сағат көлемінде біліктілік арттыру курстарынан өтуі қамтамасыз етілсін (**жауаптылар:** Кадр саясатын басқару бөлімі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Гуманитарлық факультеттің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған
жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңесте гуманитарлық факультеттің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2024-2025 жылдардағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

- есептік кезеңде факультетте гранттық қаржыландыру конкурстарына берілген өтінімдер саны, профессор-оқытушылар құрамының шет тілдерін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттар саны едәуір артқан;

- 1-стратегиялық бағыттың «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» - «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері орындалған;

- 2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым» - «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттері тұрақты;

- 3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» - «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері орындалған;

- Даму бағдарламасының «Әлемдік тенденциялар контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» (1, 2, 3, 7 тармақ), «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» (4, 5, 6, 9, 10 тармақ) міндеттері бойынша жұмысты жетілдіруді қажет.

«Гуманитарлық факультеттің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Гуманитарлық факультет бойынша ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі, Хирш индексінің көрсеткіші арттырылсын (**жауаптылар:** ГФ деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026 ж.).

2. Сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің ұсыныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылсын (**жауаптылар:** ГФ деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.06.2026 ж.).

3. Білім беруді интернационаландырудың маңызды бағыты болып табылатын академиялық ұтқырлық бойынша (кіріс) жүйелі жұмыстар жүргізілсін: шетелдік студенттер саны арттырылсын, ақпараттық-насихаттау жұмыстары күшейтілсін (**жауаптылар:** ГФ деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы).

4. QS Global Ranking пәндік рейтингі бойынша 251-300 орындарды иеленетін шетелдік серіктес университетпен бірлескен немесе қосдипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылсын (**жауаптылар:** ГФ деканы, Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, ХҚО директоры; **орындалу мерзімі:** 25.12.2026 ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Робототехника және мехатроника зертханасының есебі» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«05» мамыр 2026 ж.

Ғылыми кеңесте «Робототехника және мехатроника зертханасының есебі» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Робототехника және мехатроника зертханасы үш бағыт бойынша жұмыс істейді: университет студенттеріне робототехника бойынша үйірме жұмыстарын жүргізу, робототехника саласында жобалар әзірлеу, сондай-ақ Жетісу облысының мектептері арасында робототехника бойынша олимпиада өткізу.

Робототехника және мехатроника зертханасы материалдық-техникалық жағынан жабдықталған: студенттерді оқыту үшін қолданылатын компьютерлер, ноутбуктер, 3d принтерлер, роботтар жасауға арналған конструкторлық жиынтықтар және т.б. бар.

Зертхана жүйелі түрде ғылыми жобалар байқауларына қатысады. 2025 жылы «Aurora – жасанды интеллектпен интеграцияланған дауыстық көмекшіні әзірлеу» атты жоба іске асырылған, 2026 жылы «Виртуалды шындыққа толық ену үшін платформаны әзірлеу» жобасы бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Робототехника және мехатроника зертханасында университет студенттері үшін робототехника бойынша үйірме жұмыстары жүргізіледі. Робототехника үйірмесіне келетін студенттер, конкурстарға қатысатын роботтандырылған және электрондық құрылғыларды әзірлеумен айналысады.

Робототехника және мехатроника зертханасы жыл сайын робототехника бойынша облыстық олимпиада ұйымдастырады. Биыл Жетісу облысының мектептері арасында өтетін «РобоЖУ-2026» олимпиадасы 2026 жылы 15 мамырға жоспарланған. Қазіргі уақытта олимпиаданың іс-шаралар жоспары әзірленді, сондай-ақ Кегельринг, асық ату және Робофутбол сияқты конкурстардың түрлері ұйымдастырылады.

«Робототехника және мехатроника зертханасының есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Aurora» жобасын дамыту жұмыстары жалғастырылсын, бағдарламаны пысықтау және жетілдіру қамтамасыз етілсін, бағдарламаға авторлық куәлік алынсын (**жауапты:** Робототехника және мехатроника зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж.).


2. «Виртуалды шындыққа толық ену үшін платформаны әзірлеу» ғылыми жобасы бойынша жұмыстар толық орындалсын, пайдалы модельге патент алынсын (**жауапты:** Робототехника және мехатроника зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 31.12.2026ж.).

3. Спорттық квадрокоптерлерді құрастыру және ұшу бойынша үйірменің жұмыс жоспары әзірленсін (**жауапты:** Робототехника және мехатроника зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.10.2026ж.).

4. Зертхана қызметін жетілдіру мақсатында зертхана тиісті жабдықтармен және шығын материалдарымен қамтамасыз етілсін (**жауапты:** Робототехника және мехатроника зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.10.2026ж.).

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай